

Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу Агенттігімен танылатын қор биржаларының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің төрағасының 2006 жылығы 8 қыркүйектегі N 8 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 22 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 4402. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 8 тамыздағы № 183 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.08.2016 № 183 қаулысымен.

Ескерту. Бұйрықтың атауына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің 2007.09.02. N 05-02/205 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" Заңының 6 бабының 10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігімен (әрі қарай - Агенттік) танылатын қор биржаларының тізбесі бекітілсін:

1) "Мәскеулік банкаралық валюталық биржасы қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы;

2) "Ресейлік Сауда Жүйесі" Қор биржасы" ААҚ;

3) "Алғашқы қор сауда жүйесі" Қауымдастығы;

4) "Қазақстан қор биржасы" АҚ;

5) "Баку қор биржасы" ЖАҚ;

6) "Белоруссия валюталық-қор биржасы" ААҚ.

Сонымен бірге, Агенттікпен Бүкіләлемдік Биржалар Федерациясының мүшелері болып табылатын (World Federation Exchanges), корреспондент мүшелер мен аффилиирленген мүшелерден басқа, және Лондон қор биржасының Баламалық инвестициялар нарығы (AIM London Stock Exchange) танылады.

Ескерту. 1-тармаққа жаңа редакцияда - ҚР Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің 2007.09.02 N 05-02/205 Бұйрығымен, өзгерту енгізілді - ҚР Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігінің 2010.07.27 N 04.2-40/121 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) Бұйрығымен.

2. Осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Агенттігінің тіркеу Департаментіне:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуіне шаралар қолданылсын;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап он күндік мерзім ішінде Агенттіктің, Қазақстан Республикасының Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігінің, "Қазақстандық қор биржасы" АҚ-ның және "Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігінің назарларына жеткізілсін.

4. Агенттіктің даму департаментіне осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы қамтамасыз етілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының бағыттаушы орынбасарына жүктелсін.

Қазақстан Республикасы
Алматы қаласының өңірлік
қаржы орталығының қызметін
реттеу Агенттігінің Төрағасы